

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 9 (489) 22 мамыр 2020 жыл

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫ ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Б.Абдрасилов 2020 жылдың 14 мамыр күні факультет декандары, кафедра меңгерушілері және оқытушы-профессорлар құрамымен онлайн-кездесу өткізді.

2 бетте

ЖАН ЖЫЛУЫН ТИЕГЕН КЕРУЕН

5 мамыр күні Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті су тасқынынан зардап шеккен Мақтаарал ауданының тұрғындарына гуманитарлық көмек жөнелтті. Атап айтқанда, оқу орнының басшысы, университет президенті Болатбек Абдрасиловтың бастамасымен және I вице-президент Жәңгір Томақтың қолдауымен Мақтааралдағы төтенше жағдайға байланысты гуманитарлық көмек көрсету мәселесі университеттің басшылығы тарапынан бірауыздан қолдау тауып, көмекке азық-түлік пен күнделікті тұрмысқа қажетті тұтыну заттарының 10-нан астам түрі бойынша 10 тоннаға жуық жүк жөнелтілді.

3 бетте

ӨТКЕН КҮННЕН БІР БЕЛГІ

9 мамыр күні университетімізде «Мәңгілік данқ» атты Жеңістің 75 жылдығына арналған онлайн режимінде еске алу шарасы өтті. Facebook, Instagram және Yassawi TV YouTube әлеуметтік желілер арқылы тікелей эфир ұйымдастырылып мыңдаған көрермен тамашалай алды. Алыс-жақын шетелдік ғалымдар мен университет түлектері де құттықтауларын тікелей байланыста жеткізді.

4 бетте

ЖАС АҚЫНЫМЫЗ - МУШАЙРА ЖЕҢІМПАЗЫ!

Өскемен қаласында өткен Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойы аясында және қазіргі қоғамдық ахуалда халық рухын көтеру мақсатында жарияланған «Өлең – сөздің патшасы» атты Республикалық онлайн мүшәйрасында оқу орнымыздың Филология факультетінің 2-курс студенті Дәурен Тілеухан жүлделі I орынды иеленіп, 700 мың теңге қаржылай сыйлықпен марапатталды.

7 бетте

4 білім беру бағдарламасы алғашқы үштіктегі орынды иеленді



«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекемесі (НААР) ұйымдастырған 2020 жылғы рейтинг нәтижелері жарияланды. Отандық бұл рейтингке оқу ордамыздан 19 білім беру бағдарламалары қатысқан болатын. Қазақстанның жоғарғы білім беру ұйымдары арасынан Ахмет Ясауи университеті рейтингі былтырғы 11-ші орын көрсеткішінен биыл 9-шы орынға жоғарылады.

Бұл рейтингте университетіміздің 4 білім беру бағдарламалары алғашқы үштіктегі орынды иеленді:

1. **5B010900 - Математика -1 орын**
2. **5B010400- Алғашқы әскери дайындық – 2 орын**
3. **5B020600 - Дінтану – 2 орын**
4. **5B130100 - Жалпы медицина – 3 орын.**

Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы

МУХИТТИН ШИМШЕК - ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСТІҢ ЖАҢА ТӨРАҒАСЫ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұжымы Мухиттин Шимшекті Түркия Республикасы Президентінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 2020/244 қаулысына сәйкес Өкілетті Кеңес төрағалығына тағайындалуымен құттықтайды.

Профессор, доктор Мухиттин Шимшек 1965 жылы Газиантеп облысы, Низип ауданында туылған. Ол 1985 жылы Мармара университетін бітірген.

1987 жылы Мармара университеті Инженер-инструктор мамандығы магистрі, 1988 жылы Стамбул университеті Менеджмент мамандығы бойынша магистратураны бітірген.

1990-1992 жылдары аралығында World Bank гранты бойынша Ұлыбританияда докторантураға түсіп, 1992 жылы PhD дәрежесін алған, 1994 жылы доцент, 1999 жылы профессор атағын иеленді.

1998 жылы Мармара университеті Қолданбалы технология орталығының директоры.

2003-2007 жылдары аралығында Түркия Білімі министрінің кеңесшісі.

2007 жылы Жоғары білім кеңесі бақылау комитетінің мүшесі.

2008 жылы Жоғары білім кеңесі бақылау комитетінің төрағасы.

2008-2012 жылдары аралығында - Жоғары білім кеңесі Жоғары Комиссиясының мүшесі және Басқару комитетінің мүшесі.

2013 жылы – Жоғары білім кеңесі Жоғары Комиссиясының мүшесі болып қайта тағайындалды.

2008 жылдан бері Ахмет Ясауи университетінің Өкілетті Кеңес мүшесі. Отбасылы, 2 баласы бар.

«ПАРАСАТТЫ СТУДЕНТ — АДАЛ СЕССИЯ» АТТЫ ОНЛАЙН-КЕЗДЕСУ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Рухани жаңғыру» ғылыми-тәжірибелік орталығы мен Түркістан облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігі «Парасатты студент – адал сессия» атты онлайн-кездесу өткізді.

Жиынның мақсаты — Қазақстан Республикасы халқының, білімгерлердің қоғамдық санасына қазақ халқының рухани және мәдени құндылықтарының жемқорлыққа қарсы біріктіруші әлеуетін сіңіруге арналған жүйе жасау. Оларды жетілдіру негіздерінің бірі – парасатты студенттердің адал сессия өткізіп, терең білім мен адалдыққа жауапкершілікті мінездерінің біріктіруші бастамасын ашу. Кездесуге Түркістан облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігі өкілі Н.Абуова, университетіміздің оқу істері жөніндегі вице-президенті Ө.Үмбетов, ғылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі вице-президенті К.Беркімбаев, «Рухани жаңғыру» және Тәрбие департаментінің директоры Л.Динашева, академиялық істер жөніндегі департамент директоры Т.Ниязов, «Рухани жаңғыру» ғылыми-тәжірибелік орталығының директоры

Ө.Толысбаева, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы А. Балтабаева және студенттер қатысты. Онлайн-кездесуде оқу орнымыздың Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері жөніндегі вице-президенті Әміреқұл Абуов модераторлық етті. Кездесу барысында адалдық ұғымының мәні мен емтихан барысында академиялық адалдық қағидаларын қамтамасыз ету және қашықтықтан емтихан өткізуді ұйымдастыру барысында әдеп іс-қимыл нормаларын сақтау мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, студенттердің дипломдық жұмыстарын жазу кезіндегі антиплагиатқа тексеру бойынша жан-жақты мәліметтер берілді. Университетіміздің «Рухани жаңғыру» ғылыми-тәжірибелік орталығының маманы Ұласбек Арын «Парасаттылық орталығының» атқарған жұмыстары бойынша есеп берді. Қазіргі таңда еліміздегі төтенше жағдайға

байланысты қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша тікелей эфирде әр аптада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және еліміздегі жағдайларға байланысты студент жастарға онлайн түрде парасаттылыққа, сабырлыққа, адалдыққа шақыру үшін арнайы лекциялар оқып, түсіндірме жұмыстары жүріп жатқандығын атап өтті. Сонымен қатар, оқу ордамыздың ұстаздарымен студенттерінің онлайн түрде өтіп жатқан сабаққа қатысуын қадағалап, оқу материалдардың жүктелгендігіне де бақылау жүргізілгендігін жеткізді. Онлайн-кездесу адалдық, жемқорлық әрекеттерге қарсы адамгершілік негіздері мен құндылықтар насихатталды. Онлайн-кездесуге қатысқан студенттер өз сұрақтарын жолдап, пікір білдірді.

Ақпарат орталығы

УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫ ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАР ҚҰРАМЫМЕН ОНЛАЙН КЕЗДЕСТІ



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Б.Абдрасилов 2020 жылдың 14 мамыр күні факультет декандары, кафедра меңгерушілері және оқытушы-профессорлар құрамымен онлайн-кездесу өткізді.

Кездесу барысында ОПК-ға алдағы аралық және қорытынды аттестацияны ұйымдастыруға қатысты университет Сенатында қабылданған шешімдер туралы ақпарат берілді. Оған қоса, емтихандарды жазбаша және ауызша түрде өткізу, прокторинг қолдану арқылы онлайн тест өткізу ерекшеліктері мен жобалар және дипломдық жұмыстарды қорғауға қатысты нақты мәселелер талқыланды. Университет ректоры оқытушылардың әр жеке пән бойынша стресс-тесттер өткізе отырып, емтихан түрінің ерекшеліктерін студенттерге түсіндіру жұмысын жүргізуі аса қажет екеніне баса назар аударды.

Сонымен қатар, кездесуде жаңа оқу жылына дайындық мәселесі талқыланды. Білім беру бағдарламаларына қатысты жұмыстарды жандандыруға, оларды мамандықтар бойынша «Атамекен» ҰКП тарапынан бекітілген кәсіби стандарттарға сай жетілдіру және Болон жүйесінің талаптарына сәйкестендіру мәселесіне мән беру керек екені айтылды. Сонымен қатар, ректор жұмыс берушілермен өзара байланысты арттыруға бағытталған шаралар мен түлектердің жұмысқа орналасуына қатысты мәселелерді шешудің маңыздылығын атап өтіп, түлектердің магистратура, резидентура және докторантураға түсіруге дайындау жұмыстарын қарқындату керек екенін айтты.

Жиынға қатысушыларға университеттің Қашықтықтан оқыту жүйесі мен оның инфрақұрылымын дамыту және жетілдіруге қатысты шешімдер таныстырылып, оқытушылар тарапынан контенттерді жақсарту жұмыстарын жүргізу мен онлайн режимде студенттермен жұмыс жүргізудің жаңа формаларын белсенді қолданудың маңыздылығына ерекше мән берілді.

Университет ғалымдарының ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруына қатысты мәселелер талқыланды. ҚР БҒМ Ғылым комитеті тарапынан ағымдағы жылда жарияланған ғылыми-зерттеу конкурстарына қатысу үшін өтінімдер беру барысында ғалымдарға тиісті көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастырудың қажеттілігі айтылды. Оқытушы-профессор құрамының Scopus және WoS базаларындағы ғылыми жарияланым белсенділігіне қатысты нақты проблемалар талқыланып, осы бағытта ғалымдарды ынталандыру жолдары да қарастырылды.

Кездесу барысында жемқорлықпен күрес заңдылықтарын бұлжытпай орындау, емтихан барысында академиялық адалдық қағидаларын қамтамасыз ету және қашықтықтан емтихан өткізу үдерісін ұйымдастыру барысында әдеп іс-қылқ нормаларын сақтау мәселелері де талқыланды.

Жаңа форматтағы көктемгі сессия басталды

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті еліміздегі төтенше жағдайға байланысты 2019-2020 оқу жылындағы көктемгі сессияны қашықтықтан білім беру технологияларын пайдаланып, білім алушылардың үлгерімін аралық және қорытынды аттестаттауды онлайн режимінде ұйымдастырды. Көктемгі сессия 18.05.2020ж – 27.06.2020ж. мерзімі аралығында өтеді.

Биылғы жаңа форматтағы емтихандардың өткізілуі жөнінде университетіміздің оқу істері жөніндегі вице-президенті Ө.Үмбетов емтихан кестесін дайындау кезінде шет ел мен Қазақстанның сағат өлшемінің айырмашылықтары ескерілгендігін және студенттердің қашықтықтан оқыту кезінде пайдаланып жатқан және емтихан кезінде пайдаланатын интернет мүмкіндіктеріне талдау жасалғандығын атап өтті. Дене шынықтыру пәнінен емтиханды қашықтықтан онлайн форматта өткізу мүмкін болмауына байланысты, емтихан қол жеткізілген жетістіктердің жиынтық бағалаумен алмастырылған.

Академиялық істер жөніндегі департамент директоры Т.Ниязов университет бойынша барлық емтихандарға бейне жазба жүргізу және емтиханға прокторинг жасайтын арнайы жұмыс тобы ұйымдастырылғандығын және студенттер мен профессор-оқытушылар үшін Call-centre жұмыс істеп тұрғандығын жеткізді. Онлайн емтихандар moodle (dot.ayu.edu.kz) платформасында (Zoom және т.б.) және Zoom, Webex Meetings, Microsoft Teams қосымшалары арқылы өтіп жатыр. Университеттегі «Парасаттылық орталығы мен арнайы бекітілген мамандар онлайн емтиханның өту барысын қадағалауда.

Ақпарат орталығы

ОНЛАЙН-КОНФЕРЕНЦИЯЛАР

Түркология ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары «Ежелгі дәуір әдебиеті мен тілі: Көне түркі жазба ескерткіштері» тақырыбында онлайн-семинар ұйымдастырды. Семинардың баяндамашысы көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеумен айналысып жүрген ғалым Орынбай Дәндібайұлы Бекжан ежелгі, ортағасыр кезеңіндегі жазба әдеби ескерткіштерді өңдеу және зерттеу мәселелеріне тоқталды. Әсіресе «Орхон жазба ескерткіштері», «Енисей жазба ескерткіштері», «Талас жазба ескерткіштері», «Ырық-Йорчы бітігі», «Қазақстан аймағындағы жазба ескерткіштер» жайында арнайы сөз етті. Жазба ескерткіштердің іштей топтастырып, ғылыми тұрғыда зерттелуі мен бұрынғы жарияланымдарда жіберілген қателіктер жайында да тоқталды. Көненің көзіндегі болған түркі жазба ескерткіштері жайында маңызды ақпарат мен зерттеулер семинарға қатысушылардың назарын аударып, түрлі пікірлер айтылып, болжамдар жасалды. Баяндамашы О.Бекжанға бірнеше сұрақтар қойылып, күрделі түркологиялық мәселелер көтерілді. Семинар соңында Түркология институтының директоры, доктор-профессор Б.Шишман ғалым О.Бекжанға семинарға қатысушы тыңдармандар мен ғалымдарға зор алғысы мен ризашылығын білдірді.

Түркология ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен «Мерзімді баспасөз бетіндегі терминдердің бүгінгі қолданысы» атты онлайн-семинар өтті. Бүгінгі жаңа заман, жаңа ғасыр ғылымның алдына жаңа міндеттер қойған шақта тіл де жаңа заманға лайық дамуды қажет етеді. Осы мәселеге байланысты семинарда ғалым, ф.ғ.к. Н.Мансұров баяндама жасап, бүгінгі басылым беттеріндегі терминдердің қолданысындағы ерекшеліктерге тоқталып өтті. Ұлтымыздың жанашыры А.Байтұрсынов айтып кеткен «Газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, жұрттың білімді, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтады» дейтін ойлары күні бүгінге дейін құнын жоймағанын мысал етті. Сонымен қатар, Н.Мансұров баспасөз тілінде қолданылған сөздер мен сөз тіркестерін бүгінгі еліктегі жұрт үлгі етіп алуға ұмтылатынын, сондықтан баспасөз тілі – тіл тазалығын сақтау үшін маңызды құралдың бірі болуы тиіс екенін атап өтті.

XXI ғасыр басындағы ғаламдық ғылымның жетістіктері арқылы тілдің де жаңаша қалыптасуы орын алатыны белгілі. Бұл ретте жаһандану үдерісінің жаңа жетістіктері ретінде техникалық терминдердің қолданысы сөз етілді. Мұнда БАҚ бетінде терминдердің жиі белең ала бастауын автор өзекті мәселе ретінде көтерді. Сондай-ақ еліміз тәуелсіздік алғалы бері айналымға ене бастаған діни сипаттағы терминдердің де баспа бетінен жиі көріне бастауы тақырыпты кеңейте түсті. Жақсылыққа құр сөз арқылы шақырып, ынтықтыру мүмкін емес, адамның табиғаты сол — кез келген нәрседе үлгіні қажет ететіні сияқты баяндамашы әр саладағы басылымдар бойынша нақты мысалдар келтірді. Бір семинар бар мәселені шешпейтінін алайда тіл мәселесіне әлі де тереңдей түсуді ұсынды.

Танымы терең мәселелерді талқыға салған бұл семинар қатысушылардың пікірін тыңдап, бірлікте ой бөлісумен жалғасты. Ақпарат орталығының басшысы Т.Бейсенов бүгінгі баспасөз бетіндегі терминдердің сипаты жайында ойын ортаға салса, Аударма орталығының директоры Р.Ашимов терминдер сөздіктерін дайындауда кететін кемшіліктерді атап кетті. Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры Б.Шишман кей терминдердің басылым бетінде дұрыс қолданылмауынан сөздердің мағынасы өзгеріп, мүлде басқа сипатқа ие болатынын айтты. Одан өзге кез келген саланың өз термині болатынын және оны қолданысқа ендіруде дұрыс шешім болуы жөнінде онлайн байланысқан басқа да ғалымдар өз ойларын ортаға салды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ғылымды дамытудың басым бағыттары және мамандандырылған ғылыми бағыттар бойынша 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған 2 конкурс жариялаған болатын. Осыған байланысты оқу орнымыздың Ғылымды коммерцияландыру департаменті конкурсқа қажетті құжаттамалар мен шарттарын түсіндіру жұмыстарын арнайы онлайн-семинарлар арқылы факультеттерге жеке-жеке ұйымдастыруда. Университет ғалымдарының осы конкурсқа қатысу белсенділігін арттыру мақсатында онлайн-семинарларды Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы филос.ғ.к., профессор А.Балтабаева жүргізуде. Семинарларды өткізудің мақсаты – конкурсқа құжаттарды тапсыру барысында кездесетін кейбір түсінбеушіліктер мен техникалық қателіктердің орын алмауын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылуда.

Конкурстық құжаттама университет сайтында ҚР БҒМ сайтында (<https://www.gov.kz/memleket/entities/edu>) және Ғылым комитеті сайтында (<https://www.gov.kz/memleket/entities/sc>) орналастырылған.

Қонкурсқа өтінімдер 2020 жылдың 11 мамыр мен 26 маусым аралығында қабылданады. Онлайн-семинар барысында қатысушылар өз пікірлерімен бөлісіп, көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, толық мәліметтер алады. Конкурстық құжаттама бойынша кез-келген сұрақтар бойынша университет сайтында орналасқан анықтама телефондары арқылы Ғылымды коммерцияландыру департаментінің мамандарынан толық ақпарат алуға болады.

Археология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми бағытына сәйкес ұйымдастырғалы жатқан онлайн-семинардың мақсаты, осы күнге дейінгі атқарған ғылыми ізденістерін, қазіргі таңда атқарып жатқан ғылыми жұмыстарын және алдағы уақытқа жоспарланған ғылыми бағыттарын баяндау, көпшілік назарына ұсыну.

Онлайн-семинар барысында, Еуразия даласында қалыптасып, әлемдік өркениеттің дамуына сүбелі үлес қосқан Түркі өркениетінің мыңдаған жылдық тарихы бар, Түркі өркениетінің шығу тегін, қалыптасқан уақытын, даму кезеңдерін анықтап, түркі халықтарының біртұтас тарихы болғандығын ашып көрсету болып отыр. Түркі өркениетінің тұтас тарихын айғақтайтын археологиялық ескерткіштердің барлық түрі жақсы сақталған Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын көпшілікке баянды ету.

ЖАН ЖЫЛУЫН ТИЕГЕН КЕРУЕН

5 мамыр күні Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті су тасқынынан зардап шеккен Мақтаарал ауданының тұрғындарына гуманитарлық көмек жөнелтті. Атап айтқанда, оқу орнының басшысы, университет президенті Болатбек Абдрасиловтың бастамасымен және I вице-президент Жәніс Тоғардың қолдауымен Мақтааралдағы төтенше жағдайға байланысты гуманитарлық көмек көрсету мәселесі университеттің басшылығы тарапынан бірауыздан қолдау тауып, көмекке азық-түлік пен күнделікті тұрмысқа қажетті тұтыну заттарының 10-нан астам түрі бойынша 10 тоннаға жуық жүк жөнелтілді.

Жүк тиеп, жолға шыққан керуенді шығарып салып тұрып оқу ордасының басшысы

Болатбек Серікбайұлы:

— Мақтаарал ауданында орын алған су тасқынының зардабы тек сол жердегі тұрғылықты халықтың ғана емес, әрбір қазақтың да жанына батады. Амал қанша, апат айтып келмейді. Ел басына күн туған осындай қиын шақта бір-бірімізге көмек қолын созып, қолдау көрсетуіміз азаматтық парызымыз болса керек. Отбасыларына қиындық түскен мақтааралдық бауырларымызды қолдап, көмектесу мақсатында университетіміздің атқарып отырған мұндай қайырымдылық шарасы ізгілік ниетінен туындап отырғандығын айта кетуіміз керек. Отандастарымызға сабыр тілейміз! Бұл қиындықтарды да халық болып, ел болып бірге жеңетінімізге сенімдімін! — деп, жолға шыққалы тұрған керуенге сәт сапар тіледі.

Мақтааралға жалпы алғанда: 2 тонна кеспе, 1 тонна өсімдік майы, 2 тонна күріш, 1 тонна ұн, 1 тонна қант, 100 қорап печенье, 1500 литрден астам түрлі сусындар, 20 блок памперс, 100 блок дөретхана қағазы, 200 кг көмпит, 500 бөлше нан, 1000 дана сабын және шай т.б. 3 миллионнан астам қаржының заттары тиелген «Камаз» автокөлігі жолға шықты. Керуенді оқу орнының Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері жөніндегі вице-президенті Әміреқұл Әбуов және университет Ардагерлер кеңесінің төрағасы Балғабай Нақыпов бастап алып барып, мақтааралдықтармен жүздесіп, қал жағдайларын өз көздерімен көріп қайтты.

Алғашқы күндерден оқу орнымыздың ерікті студенттері де Мақтаарал ауданынан табылды. Қиындықта қолдау білдірген университет ұжымына мақтааралдықтардың да ризашылығы шексіз.

Бейсен Тәжібаев, Нұр Отан партиясының Түркістан облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары: — Осындай қиын кезеңде мақтааралдықтарға қолдау көрсетіп, көмек берген Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұжымына және ректоры Болатбек Абдрасиловке алғысымызды білдіреміз, — деп көрсетіліп жатқан әрбір көмектің маңыздылығына тоқталды.

Жұман Жансерік, Жас Отан ЖҚ Түркістан облыстық филиалының төрағасы: — Алғашқы күндерден бастап Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенттері халықты орналастыруда, азық-түлік жеткізіп беруде, қоймада және басқа да жұмыстарды атқарып, өте үлкен көмек көрсетіп жатыр.

Қарымсақова Сәуле, Жеңіс совхозының тұрғыны: Біздерге көмек көрсетіп отырған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне және қолдау көрсетіп, барымен бөлісіп отырған қазақ халқына алғысымыз шексіз, — деп ауылдастарының атынан ризашылығын білдірді.

Естеріңізге салсақ, мамырдың 1-жұлдызында Өзбекстанның Сырдария облысындағы Сардоба су қоймасының бөгеті жарылып, салдарынан көрші орналасқан Түркістан облысының Мақтаарал ауданындағы бірнеше ауылды су басты. Төтенше жағдай жарияланып, су апатынан зардап шеккен ауыл тұрғындары қауіпсіз жерге көшірілді. Бұл суыт хабар ешбір адамды бей-жай қалдырмады.

Ия, қайғы бөліссе азаяды деген, қасында арқа сүйер халқың, елің тұрғанда бұл күндердің де өтеріне сенеміз.

Эльмира АРТЫҚБАЕВА



Жақсылықтың бәрі жақсы емес

Жазғы демалыста жұмыс жасайтынмын. Сондай демалыстардың бірінде Алматыдағы сауда дүкендерінің біріне сатушы болып жұмысқа орналастым. Мен істейтін дүкен Алматының қақ ортасындағы көп қабатты үйлердің жанында орналасқан болатын. Орыстар көп келетін. Жартысынан көбі қарт кісілері.

Осы тұста осыны айтпасам өтім жарылып кетеді, айтайын. Мен сол орыс әже-аталарға қатты таң қалатынмын. Қолдарына бір-бір ит, мысықтарын ертіп алып, бастарына шляпаларын киіп магазинге келетін. Сонда "мәдениет" дегеніміз осы екен ғой деп аузым ашылғаны рас. Өлі оңды-солын танымаған, оңтүстіктен сыртқа шығып көрмеген қыздың ойы осындай болады, әрине! Бірақ қазір олай ойламаймын. Жарайды айтпағым бұл емес еді.

Сол дүкенге бір жақ аяқ-қолы дұрыс жұмыс жасамайтын, жасы егде тартқан кемтар ер кісі жиі келетін. Нақты ұлты мен жасын ажырату қиын. Бірақ көздерінен өмірден көп жапа шеккен жанның бейнесі байқалып тұратын. Өзі зорға жүретін сол кісіге біздегі қызметкерлер аяушылық танытып келе жатқаннан есікті ашып тұрады ғой. Ол сондайда бұлқан-талқан бола қалатын. Сондағысы есікті өзім ашамын деп ұрысады. Бұған жақсылықта жақпайды деп көбісі кейіп жататын.

Осы кісінің осындай мінездеріне қанық бола тұра

мен бір күні үлкен білместік жасадым. Ол екі-ақ нәрсе алады. Бірі таза су және итіне арнайы пакеттегі тамақ. Бір күні жалақым қолыма тигенде өзімсіп мен оның сөмкесіне айран мен сырды байқатпай салып жібердім. Өзім осы ісіме қатты қуандым. Шын көңіліммен олкісінің осы заттарды жегенін қаладым. Ертесіне жаңағы кісі келіп ашуланып, сыр мен айранды бетіме лақтырды. Мен не айтарымды білмей тек көзімнен жасаға берді, жылай бердім. Менің өмірімдегі "Ең бақытсыз сәт" осы болды. Өлі күнге дейін бәрі көз алдымда. Жо-оқ, мен ол кісінің әрекетіне емес өзімнің соншалықты таяз ойлайтыныма көзім жетіп жылады. Жақсылық жасаймын деп кісінің жанын ауыртыппын. Ондай жандардың төні мүгедек болғанымен рухын кемтарлыққа қимайтынын жақсылық жасауға құштар жүрегім сезбепті. Мен ол кісінің ішкі арпалысы қаншалықты бәсекеге түсіп, жанын қинайтынын сонда барып түсіндім. Тұңғыш рет мен сол кезде бір жасқа есейдім...

Қазір түрлі қайырымдылықпен айналысатын адамдар көбейіп кетті ғой. Дегенмен солар небір сурет жүктеп, жасаған ісін жаһанға жария етіп жатқанда жаңағы кісі еріксіз есіме орала береді. Неге екенін қайда санамды қайырымды жандардың шексіз шапағатын "осы дұрыс па?" деген сауал көмкеріп кете береді. Ішкі дауысым көп нәрсе айта бергісі келеді... Шешімсізде, бастысы ниет ақ болсыншы

Содан екінші жазғы демалыста өзіме ұнағандықтан тағы да сол дүкенге жұмысқа бардым. Алғашқы екі күн бойы баяғы кісіні іздедім. Келмеді. Мүмкін бұл дүниені мәңгі тастап кеткен болар деп ойлады. Бірақ, арадан екі-үш күн өткеннен кейін есікті зорға ашып, бір аяғын сүйрете басып жаңағы кісі кіріп келе жатыр. Қуанып кеткенім сонша жанына барып, жағдайын сұрап безілдеп жатырмын. Тірі болғанына қатты қуандым. Танымаған кейіп танытса да, ол да мені танып тұрды, білемін. Ұзақ уақыт бетіме қарап тұрды да ішке кіріп кетті. Заттарын кассадан өткізіп жатып орысшалап "байқа, ішіне тағы да сыр мен айран секіріп түсіп кетпесін" деп жымып тұр. Бұл менің өмірімдегі "Ең бақытты сәт". Сонда барып түсіндім ол кісімен ің ниетімді әу баста қабылдап қойған екен. Тек өзін тағдырға жығып бергісі келмегендіктен жаны шығып маған айқайлаған екен ғой. Біз оларға аянышты көзбен қарап, өзімізден бір саты төмендете береді екенбіз. Тіпті кейде жақсылық жасаймын деп, жүрек түкпіріндегі көңіл айнасын байқамай сындырып алатынымызды сезіндім.

Неткен ауыр сезіну

Мен сол кезде тағы да бір жасқа тіпті он жасқа есейіп кеттім...

Ғалия Бисейіт
3-курс студенті

ӨТКЕН КҮННЕН БІР БЕЛГІ

9 мамыр күні университетімізде «Мәңгілік даңқ» атты Жеңістің 75 жылдығына арналған онлайн режимінде еске алу шарасы өтті. Facebook, Instagram және Yassawi TV YouTube әлеуметтік желілер арқылы тікелей эфир ұйымдастырылып мындаған көрермен тамашалай алды. Алыс-жақын шетелдік ғалымдар мен университет түлектері де құттықтауларын тікелей байланыста жеткізді.



«Мәңгілік даңқ» мерекелік шараны ашқан университет ректоры Болатбек Абдрасилов бүгінгі күннің маңызы мен мәніне тоқталып өтті: - Бүгін университетіміздің бастамасымен онлайн-режимінде «Мәңгілік даңқ» акциясын бастадық. Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың отбасынан қатыспаған адам жоқ шығар. Бұл соғыстың жалыны әрбір жанұяны шарпып өтті. Азаматтарымыз соғыста елді қорғаса, елде қалған әйелдер мен буыны қатпаған жас балалар тылда еңбек етті. Соғысқа жіберіліп жатқан 10 оқтың 9-ы Қазақстанда өндірілді. Түркістан өңірінен 18000-нан астам адам соғысқа аттаныпты. Оның 2500 қайтпаған. Бүгінгі акцияның мақсаты өткен күнге тағзым ету, жастарға тарихымызды таныту, – дей келе білімді жастары мен білікті мамандары бар Қожа Ахмет Ясауи университеті атынан бас иіп, құрмет көрсететінін жеткізді.

Сонымен қатар, Болатбек Серікбайұлы ата аманатын арқалап Украинаға жасаған сапары жайында әңгіме қозғады. Ондағы мақсат атасының інісінің қабірін табу. Сол сапарында Украинадан ағасы Ибрагим Ескендіровтың ерлікпен қаза тапқаны жайлы құжаттарымен танысып, қабіріне топырақ салып қайтады. Іздеу барысында атасымен бірге 43 қазақ жауынгерінің Украинаның Зеньков қаласын азат ету шайқасында қаза болғаны туралы дерекке қол жеткізгенін тілге тиек етті. Сол тізімнің арасында жерлестеріміз де бар екен. Түркістан қаласынан аттанған 36-шы атқыштар дивизиясының 358 атқыштар полкінің құрамында болғандар 1943 жылы қаза тауыпты. Олар – Бахил Ибрагимов, Шәуілдірден – Серғабәев, Айбеков және Созақ ауылынан 4-5 адам бар екен. Хабарсыз кеткен жауынгерлердің ұрпақтары үшін бұл құнды дерек.

Эфир барысында университет оқытушылары мен қызметкерлерінің ата-әжелерінің, аға-апаларының соғыс, тыл шебіндегі ерліктері мен еңбектері туралы деректер, фотосуреттер түріндегі естеліктер көрсетілді.

Шараға Түркістан қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Жарқынбек Құлбайымбетов, университет Ардагерлер кеңесінің төрағасы, ұстаз Балғабай Нақыпов, ұстаз Бекжігіт Сердәлі қонақта болып өткен күндерді еске ала отырып, жастарға тағылымы мол естеліктерімен бөлісті.

Түркістан қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Жарқынбек Құлбайымбетов : - Бүгінгі іс-шараны онлайн тәсілде өткізіп жатқан университет ұжымына рахмет. Соғыстан аман қайтқан ардагерлер елге келіп, отбасылы болып, Қазақстанның өркендеуіне өз үлестерін қосты. Арамызда соғыста қаза тапқан бауырларын әлі де іздеп таба алмай жатқандар да бар. Бір есте сақтайтын нәрсе, соғысқа белгілі жастағы азаматтар жіберіліпті. Ал жасы сәйкес келмегендеррабочий батальондарға қызмет екен. Соғыс уақытында менің өкем Ресейдің Магнитогорск деген қаласына рабочий батальонда болған. Түркістаннан өкеммен қатар біраз адам жіберілген екен. Сол кісілердің айтуынша ондағы жағдай өте ауыр болған. «Барлық тамақ, киім соғысқа жіберілді. Ал рабочий батальонда аш-жалаңаш жүріп жұмыс жасадық» деп айтып отыратын еді. Елде қалған адамдар соғыс үшін жандарын аямай тер төгіп, барын соғысқа жіберіп отырғаны белгілі. Қолдарына мылтық ұстамаса да жаумен қара еңбектерімен күрескен жандардың да еңбегі ерен. Осыдан он жыл бұрын Ұлы Жеңістің 65 жылдығында үлкен команда құрып, соғыс даласында қалған солдаттарды іздеп Бауырластар зиратына барып қайттық. Соғыста 500-дей адам Кеңес одағының батыры атағын алса, соның 97-сі қазақ екен.

Қазіргі күнде Түркістан облысы бойынша 40

Ұлы Отан Соғыс ардагері ғана қалды. Жеңістің 75 жылдығына соғыс ардагерлеріне 1 миллион теңгеден, қала есебінің бюджетінен 300 мың теңге, ал тыл ардагерлеріне 30 мың теңгеден берілді. Мына тосыннан келген індеті болмағанда бұл мереке үлкен көлемде аталып өтер еді. Жеңістің 75 жылдығы құтты болсын. Халқымыз, еліміз тыныштықта өмір сүрсін. Қазақ жастары өркендей берсін. Барша қазақстандықтарға, түркістандықтарға Жеңіс құтты болсын дегім келеді, — деді ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Жамбыл Артықбаев тікелей эфирден, Ахмет Ясауи университетінің ұйымдастырған бұл тағылымды іс-шарасына жоғары баға беріп, Жеңістің Тәуелсіз Қазақстан үшін қай тұрғыдан бағалы екенін, тарихи сипатын атап өтті.

«Біреуіміз Екінші дүниежүзілік соғыс десек, біреуіміз Ұлы Отан соғысы дейміз. Бұл күні кеше 75 жыл бұрын болған соғыс. Біз соғысқа қатысқан ағаларымыздың ортасында, соларды көріп өстік. Бұл соғыста Кеңес Одағының Батырлары ең көп қазақ халқынан шықты. Елімізде 100-ден астам Совет Одағының батыры бар. Сондай-ақ, осы атаққа ұсынылып түрлі себептермен берілмеген 100 шақты адам бар екен. Бұл соғыс жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде жақсы тетіктің бірі. Соғыстың зардабы мен соғысқа қатысқан азаматтардың тағдыры тарихнамада, қоғамда, біздің санамызда ұмытылмауы керек. 9 – мамыр бір жағынан аза тұту күні, соғыс құрбандарын, соғысқа қатысқан аталарымызды еске түсіріп, дұға оқитын күн. Кейінгі ұрпаққа сабақ болар осындай іс-шаралар көп болу керек, — дейді Жамбыл Артықбаев.

Акцияны тікелей эфирден жүргізген ғалым Досай Кенжетай соғыссыз өмірдің мағынасын ғылыми деректер мен тарихи дәйектер арқылы тарқатып жеткізді. Университет студенттері жолдаған патриоттық топтық өндері де эфирде көрініс тапты. Акция соңында тікелей эфирге қосылған студенттер мен қонақтар «Жеңіс күні», «Атамекен» өндерін бірлесе шырақды.

Бүгінде Түркістан қаласында көзі тірі төрт ардагер бар. Атап айтқанда, Әбдіжаппар Дайрабаев, Немат Абдрасилов, Қорғанбай Мүбәрақов, Фазыл Азимов. Жалпы, Түркістан қаласынан 18547 азамат соғысқа аттанған екен. Солардың 2584-і соғыстан қайтпай қаза тапқан. Төрт Кеңес одағының батыры шыққан. Олар – Расул Есетов, Құрманбай Ырысбеков, Абдулла Үсенов, Файзулла Юлдашев.

Ал 1941 жылдың 22 маусымында фашист әскерлері Кеңес Одағына соғыс ашты. Оған әлемнің 72 мемлекеті қатысып, 62 миллион адам ажал құшты.

inform.kz сайтында «Ұлы Отан соғысында нақты қанша адам қаза тапты?» атты мақаласында: «КСРО Ұлы Отан соғысында 26 миллион 600 мың адамынан айрылған. Қазақстанға келер болсақ, әскери мекемелердің ресми мәліметтеріне сәйкес, елімізде соғыс жылдарында 12 атқыштар, 4 кавалериялық дивизия, 7 атқыштар бригадасы және 50-ге тарта полктер мен батальондар жасақталған Ал майданға 1 млн. 200 адамнан 1 млн. 400 мың адамға дейін аттанған. 600 мыңға жуық отандасымыз соғыстан оралмады (олардың 125 мыңнан астамы хабар-ошарсыз кеткендер). Ресейдің әскери деректеріне көз жүгіртсек, Ұлы Отан соғысында 126 мыңға жуық қазақ жауынгері қаза тапқан. Бұл, Қызыл армияның жалпы әскери шығынының 2 пайызын құрайды екен»- деген мәлімет берілген.

Ия, шетелдік зерттеулерді қарасақ мүлдем басқа статистикалық ақпаратқа тап боламыз.

MUHITTIN ŞİMŞEK — MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANI



8 Mart 2008 tarihinden itibaren Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Üyeliği görevini yürüten Marmara Üniversitesi Öğretim Üyesi Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Cumhurbaşkanlığı kararnamesiyle Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı görevine atandı. Kutluyoruz!

Muhittin Şimşek, 1965 yılında Nizip'te doğdu. 1985 yılında Üniversiteden mezun oldu. Aynı yıl Marmara Üniversitesine asistan olarak atandı. 1987 yılında M.Ü. Fen Bilimleri Enstitüsü Makine Eğitimi Anabilim Dalında, 1988 yılında ise İstanbul üniversitesi İşletme Fakültesinden Master dereceleri aldı. 1990 yılında Dünya Bankası bursu ile İngiltere'ye gönderildi. 1992 yılında Doktor, 1993 yılında Yardımcı Doçent, 1994 yılında Doçent, 1999 yılında Profesör oldu. Öğretim üyeliğinin yanı sıra, 1994-2000 yılları arasında M.Ü. Döner Sermaye işletmesinin müdürlüğü yaptı. 1998 yılında Marmara Üniversitesi Teknoloji Uygulama ve Araştırma Merkezinin Müdürlüğüne atandı. 2003-2015 arası Türkiye

Lokomotif ve Makina Sanayi A.Ş. (TÜLOMSAŞ) Yönetim Kurulu Üyeliği yaptı. Bir çok sanayi kuruluşunda projeler yönetti.

2003-2007 MEB Bakan danışmanlığı, Mesleki Teknik Eğitimi Geliştirme Projesinde çalıştı. Çok sayıda yerli ve yabancı projelere başkanlık yaptı.

2007 yılında YÖK Denetleme Kurulu üyeliğine ve kısa bir süre sonra aynı kurulun başkanlığına getirildi.

2008-2012 yılları arasında YÖK Yürütme Kurulu üyeliğine seçildi.

2013 yılında YÖK Yürütme kurulu üyeliğine tekrar getirildi.

Ayrıca 2008 yılından bu yana Kazakistan'da bulunan Ahmet Yesevi Üniversitesi mütevelli heyet üyesi olarak, 2010 yılından bu yana da İç Denetim Koordinasyon Kurulu Üyesi olarak görev yapmaktadır.

Kendi konusu ile ilgili olarak çeşitli dergilerde yayınlanmış ve sempozyumlarda sunulmuş 130'dan fazla makalesi ve ayrıca 19 adet yayınlanmış kitabı bulunmaktadır.

Prof. Dr. Şimşek evli ve üç çocuk babasıdır.

Rektörümüzün Zafer Günü Kutlaması

Sevgili Kazakistan halkı, değerli vatandaşlar!

Sizi Büyük Zaferinin 75. yıldönümüyle içtenlikle kutluyorum!

Zafer Bayramı bizim için en güzel bayramlardan biri. Torunlarının huzurlu yaşamı için sonuna kadar savaştan büyükanne ve büyükbabalarımızın kahramanlığını asla unutmayacağız.

Onların kahramanlıkları sonsuza dek yüceltilmiştir. Günümüz bağımsızlığının gücü, ülkemizin refahı ve sermayemizin refahı işte bu bayramın meyveleridir. Gazilerimiz genç kuşağımız için gerçek bir cesaret, ülke ve kahramanlık örneğidir. Gençleri ve nitelikli uzmanları eğiten Ahmet Yesevi Üniversitemiz adına, mükemmel geleceğimize onların adına saygıyla eğiliyorum. Kahramanlarımız gibihayrılı işlere devam edelim! Kazakistan yaşasın! Ülkemizde her zaman barış ve huzur olsun!



Farabi – Türk-İslam medeniyetinin büyük düşünürü



Bu yıl ülkemiz, büyük Doğu düşünürü, matematikçi, astrolog, müzik teorisyeni Ebu Nasir el-Farabi'nin 1150. yılını kutluyor. Üniversitemizde El Farabi'nin 1150. yıldönümünde adanmış olup "Farabi – Türk-İslam medeniyetinin düşünürü" online konferansı düzenlenmiştir. Toplantının amacı, Farabi'nin mirası hakkında halkı bilgilendirmek, Farabi düşünceleri ile "Ruhani Jangıru" programının temeli arasında ilişkilerini açıklamak, Farabi'nin geçmişinin, bugününün ve geleceğinin bilimsel temelini yeniden analiz etmektir.

Online konferansa üniversite yönetimi ve Farabi mirasını inceleyen Nur-Sultan, Semey,

Shymkent, Ekibastuz, Türkistanlı bilim adamları katıldı. Onların arasında Kazak Milli Üniversitesi Professörü Altay Jakıp, Kazak Milli Üniversitesi Doğu Araştırmaları Fakültesi Dekanı, Prof. Paltöre İhtiyar, Kazak Milli Üniversitesi Dini ve Kültürel Çalışmalar Bölüm Başkanı, Prof. Aynur Kurmanalieva, Felsefe, Siyaset Bilimi ve Din Enstitüsü Müdür Yardımcısı, Prof. Serik Nurmuratov, Avrasya Milli Üniversitesi Profesörü Ayna Kabilova, Felsefe, Siyaset Bilimi ve Din Enstitüsü Profesörü Natalya Seydahmetova, Avrasya Milli Üniversitesi Profesörü Samal Tuleubayeva. Konferans spikeri Prof. Dosay Kenjetai olmuştur.

Üniversitemizin Rektör Vekili Cengiz Tomar, Farabinin eserlerinden bahsederek IX yüzyılda yazılan siyaset kitabının sadece o dönemde değil, XXI yüzyılda da bir rehber olduğunu belirtmiştir.

Toplantı Yassawi TV Youtube kanalında 3 saat canlı olarak yayınlandı. Konferansta Farabi ile ilgili çeşitli bakışlar tartışıldı, onun Türk-İslam medeniyeti ve Kazak halkına etkisinden bahsedildi, büyük düşünürün fenomeninden konuşuldu. Bununla birlikte Farabinin dünya görüşlerine dayanarak yaşam tarzlarımızda yeni bir sentetik yaklaşımın oluşturulması, yeni araştırmalara yönelik çalışmaların devam ettirileceğini açıklanmıştır.

Yunus Emreden Ücretsiz Çevrimiçi Türkçe Dil Kursu

Yunus Emre Enstitüsü ücretsiz online Türkçe dil kursu başlatıyor. Türk dünyasından (Azerbaycan, Kırgızistan, Kazakistan, Türkmenistan, Özbekistan) uzaktan Türkçe öğrenmek isteyen gençlere fırsat! Ücretsiz Türkçe öğrenmek istiyorsanız, bağlantıyı takip edin ve kılavuzu okuyun. Başvurmak için formu doldurun ve abone olun! Öğrenci sayısı sınırlıdır.





КӨРКЕМ МІНЕЗДІ АДАМ!

Бізде, университетте, жүріс-тұрысын, тапсырма-талабын күн тәртібіне икемдеп, қайсыбір шаруасын да заң аясында тап-тұйнақтай етіп атқарып жүретін бір адам бар, ол Қалағаң – профессор Қуандық Оразбекұлы. Қуандық ағамен қызметтес болып жүргеніме, міне, он жылдан асып бара жатса да, осы уақытқа дейін жеке жүктемесіндегі сабағын «срыз» жасағанын көрмеппін.



Шымкенттен уақтылы келеді, уақтылы қайтады. Қағаздары тап-тұйнақтай.

Иығына асып жүретін қара портфелін бейне мини-кеңсе дерсің, ішінде не жоқ: қағаз-қаламы, стеллері, сызғышы, өшіргіші, қайшысы, қағазтескіші... қысқасы, оқытушы үшін не қажет, барлығы жүреді. Кейде үйдегі апам өзірлеп берген бутерброды мен майлы қазыны жұқалай тұраған нарынды да ала келеді. Бұл сабақ тым ұзақ кеткенде, үзіліс арасында жүрекке талғажу етер жеңіл ас. Кафедрамыздың ақсақалы болған соң, оқу үдерісіне қатысты кейбір мәселелерде ол кісімен жиі ақылдасып тұрамыз.

Бізде тағы бір қария бар, одан бір жас кіші: профессор Сейдулла Садықов. Екеуінің бір-бірімен қалжыңы жарасымды. Сейдулла аға Қалағаңды «көттө шал» десе, ал ол Сейдулла ағаны «ортаңғы шал» деп еркелетеді. Бұлардың жарасымды әзілдеріне қарай отырып, біз «кафедраның ынтымағы осындай зиялы азаматтарымен түгел екен-ау» деп, сырттарынан сүйсініп отырамыз. Екі қарияның артынан еріп келе жатқан – мен. Екеуі де мені «кіші шал» деп ныспылап алған.

Жоғары оқу орны оқытушыларының арасында Scopus базасына енетін ғылыми журналдарға мақала жариялау дейтін бір «бас ауруы» бар. Бұл індеттен Қуандық ағам ада. Соңғы бірер жылда он шақты мақала жариялап үлгерді. Қай уақытта үлгеріп жүр, қашан жазып тастады, бір Аллаға аян. Ғылым комитеті бекіткен журналдарда да мақалалары ай құрғатпай жарық көріп жатады. Бірнеше монографиялары мен оқу құралдары тағы бар. Еңбекқор. Талапшыл. Жауапты.

Кафедрадағы жас оқытушылар да, сүйікті шәкірттері де Қалағаңды өте жақсы өреді. Туған әкелерін көргендей, «ағай» деп, еркелегісі келеді. «Өмір жолыңыз өнеге сіздің, Қуандық ағай! – дейді чатқа жазба қалдырған әріптестерінің бірі доцент Балтагүл Оспанова. – Өзіңіз де,

қаламыңыз да шаршамасын! Жазарыңыз да, айтарыңыз да таусылмасын!». «Сан қырлы керемет жансыз!» дейді тағы бір жас әріптесі Әлия.

Жасына қарамастан, компьютерді мұншалықты терең меңгерген жанды бұрын-соңды кездестірмеппін. Бұл оның «Оңтүстік Қазақстан», «Жас Алаш», «Заң», «Айқын» газеттерінде қызметте жүріп жинаған дағдысы болса керек. Microsoft Word, Microsoft Excel, PaintPoint, PowerPoint, Audacity, Vegas, Zoom, Webex Meet... қай-қайсысында жаңақша шағады. Қашықтықтан білім беруді де үйіндегі жұмыс кабинетінде толықтай «цифрландырып» алған.

Қалағам үлкен демейді, кіші демейді, көз-келген адаммен дос, бауыр, туысқан. Біреудің сыртынан жаман сөз айтатындарға жаны қас. Өзі де ешкімді құстаналаған емес. Реті келсе, жақсықылықтарын ғана сөз етеді. Осынысымен ол жұртқа сүйкімді, айналағына жайлы. Қолынан келсе, жәрдем беруге асық.

Бірде қызметтес бір әріптесіміз көлік апатына ұшырап, шұғыл отажасатуға тура келді. Түркістандағы хирургияның жайы белгілі, ондай күрделі отаны жасай алмайды. Жедел Шымкентке алып барғанда, тәжірибелі дәрігер-хирургпен сөйлескенде, қашан жазылып шыққанша үзбей хабаралып тұрған да осы Қалағам болды.


Көркем мінезді адам деп осы Қуандық ағадай адамды айтса керек. Абай атам: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, жақсы мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен озым ғой демектің бәрі де – ақымақтық», демеп пе еді. Міне, Қуандық аға осы талапқа – көркем мінезімен, адами асыл қасиеті мен, кішіпейіл ағалық болмысымен сыйлы!

70 жасыңыз құтты болсын, Аға!

Бекжігіт СЕРДӘЛІ

САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ ПЕН ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕК:

Ахмет Ясауи университеті 30 жылдан бері қанша жанға білім беруші оқу орны ғана емес, өмір сүру мәніне айналған киелі мекен. Ғұмырын осы жермен байланыстырған қаншама жанның жастығы, есею жолдары, бүгінде даналық белесіне өткен тағдыр иелерінің қимас орны да. Маңайымыздағы қарапайым, адал еңбек иелері мен өз ісінен игілік тапқан адамдарды үлгі етуді жалғастыра бермекпіз. Келесі кейіпкер - есепші Тынымкүл САПАҚОВА



Тынымкүл апайдың адамгершілік қалыбын айту бізге борыш десем, артық болмас, сірә. Арман құып, мақсат іздеп, киелі Түркістанға келген әрбір студент апайды танымауы, есте сақтамауы мүмкін емес. Оқу ордамыздың қаржы және экономика бөлімінде ашылғалы бері қызмет етіп, зейнет жасына жеткен жанның өмір жолы үлгі алуға тұрарлық.

Ол кісілердің жұмыс бастаған уақытында тұрақтылық сапа көпшілі болатын. "Дарақ бір жерден көгереді" ұғымы қызмет ету ұстанымы болатын. Қазір ғой, өзіңді табу үшін барлық салада өзіңді сынап көру, үнемі ізденісте, инновацияға ұмтылуы талап деңгейіне көтерді. Мұның қаншалықты дұрыс, бұрысын уақыт көрсетер, бірақ, қандай жағдай басынан өтсе де, өз қызметін тұрақты атқарып келе жатқан Тынымкүл әпкенің өмірі босқа өтті деп айта алмаймыз.

Адамға еріксіз жылуды сыйлайтын ол кісінің қарым-қатынас стилі ешқашан өзектілігін жоймақ емес. 2000-ға жуық қызметкері мен 9000-нан аса білімгері бар іргелі оқу орнының еңбек ақысы мен шәкіртақысын уақтылы есептеп, әрқайсысына жеке бет есептерінен анықтама беріп отыру - есеп-қисап бөлімі мамандарының қызметтік міндеті дейік. Бірақ, олардың да адам ретінде көңіл-күйін ысырып қойып, әдепті жауаптасуының ар жағында өз ісіне деген құрмет пен жауапкершілік тұрғанын бағалауға аса мән бермей жатамыз.

Жұмыстың ауқымдылығы мен қатаң талабынан көп жастардың ол бөлімде ұзақ жұмыс істемейтінін байқап та жүреміз. Бірақ, Тынымкүл апай сияқты санаулы жандар (Алтынқұл, Балжан, Орынқұл, Жәмилә апайлар) ғана жастығымыздың куәсіндей оқу ордамызбен бірге адал қызметтерін тоқтатқан емес.

Қызмет кабинетін гүлмен көмкеріп, мейіріммен суарып, ықыласқа бөлеп отыратын бұл кісілердің орнын жоғары бағалаймыз.

Кешегі жап-жас ТЫНЫМКҮЛ апай бұл күнде салихалы әулет анасы, немерелерінің аяулы әжесіне де айналып үлгерді. Бірақ бір-ақ ауыз сөзге сыятын осы бір өмір белестері айтуға оңай болғанымен, оған бір жанның тағдыр тәжірибесі мен мақсатты ғұмырын сыйғызу оңай емес. Ғұмырының бүкіл ащысы мен тұщысын татып, аяулыларынан айрылған жанның өмір туралы толғанысы - апайдың тұлғалық портреті.

Адал дос, ақылды қыз, мейірімді әпке, жар болудың ғибратын сол жаннан сұрау керек.

Шынайы күлкісі, орынды қалжыңы, ұжымды бірлікке жұмылдырар адамгершілігі - оның көркем мінездерінің сипаты. "Отбасын сақтауды, оны құндылық деп қарауды өміріміздің өзегіне балаймын. Олар болмағанда мен дертімді жеңе алмас едім, қуатым да, қуанышым да- солар..." деген болатын ауруханаға хәлін сұрап барғанымызда.

Қарапайым осындай еңбек адамдары барда адамгершілік, мейірім, сыйластық сияқты киелі қасиеттер мағынасын жоғалтпақ емес.

Ұзақ та, мағыналы ғұмыр кешіңіз, ЖАҚСЫ ЖАН!!!

Барлық игілікті тілейміз, сіз шынында, БАҚЫТТЫСЫЗ!!!

Әдемау ТОЛЫСБАЕВА

МҰРАТЫН ТАПҚАН АЗАМАТ

Адамның өз ісінен ләззат аларлықтай рухани хәлге көтерілуі — ең ауыр жол... тіршілік кешудің соқпағын емес, жүректің қалыбын табуға ұмтылу — үлкен ілім. Осыны өзінен іздеген жандар, оны өзгелерден де табуға, тұлғасын танып, бағалауы ләзім деп ойлаймын. Дүниеге қарыз болсақ, ертелі-кеш өтелер, ал адамдық қарызымызды сезіне беруіміз қиын-ау... Абайдың: «...адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң — Алланың сүйген құлының бірі боласың...» деуі алтынды жезден айыра алғанша, қарапайымдылықтан даналық тапқанша қанша соқпақтан өтіп, қарапайым ақиқатты елемегендіктен қанша азап тартатынымызды түспалдағандай...

Құндылықтар өзгерген жаһандану заманында менің кейіпкерім кейбір өлшемдерге сай болмауы мүмкін. Қызмет қуып, қымбат көлік мініп, зәулім үй салу сияқты өзіміз қолдан жасаған «табысты адамның» тұлғасын әкелмесе де, осы айтқандардың барлығының қарапайым түріне адал еңбегімен жеткен жанның бейнесі деп бағалаймын. Онда бәрі бар: отбасы, сүйікті кәсібі, өз қолымен, маңдай терімен тұрғызып баспанасы, батагөй анасы — бақытының шырақшылары.

Шығармашыл тұлғалар кейде, бір мақсатқа жетсе, екіншісінен ақсап, мұратын түрлі «бақытқа жеткізу амалдарынан» тауып, соның құрбаны да боп жатады... Біздің Түркістандай бір кездері Ясауи ілімі мен мәдениеті өркендеген киелі мекенде Мұрат Шаханбай атты кескіндеме өнерінің шебері үлкен құндылықтар жасап жүргенін біріміз білсек, біріміз бағаламаймыз-ау... Ясауи университетінің түлегі, бүгінде ұстазы — Мұраттай маманның оқу ордамыздағы қолтаңбасы ерекше. «Жұрттың көбіне ақыл берілгенімен, жүрек бәріне бірдей берілмейтіндей» Мұрат әр ісін жүрегінен өткізіп жасайтын шығармашыл хәм нағыз азамат. Еңбегін пұлдап, өзгелердің көзіне түсіп, мансапқа масаттансам деген титтей бір рия жоқ азаматтың атқарған істері тасада қалып жатады. Оған қам жеп жүрген Мұратты көрген емеспін. Жымиып қойып, астарлы әзілдерге шын көңілімен рахатана күлетін кездері көз алдымда. Көп сөзге жоқ, ісін тындырғанша тапжылмайтын сабырлы қалпын ерекше айтқым келеді. Әрбір ісшараның логотипі мен дизайндық сипаты — оның қолтаңбасы. Өзі мен шәкірттерінің қолынан шыққан өнер туындылары — оқу ордамыздың көркі. Өмірінен мән тауып, мақсатты өмір сүруге бағытталған адамдарды табуға, тануға

Абай айтқандай міндеттіміз.

Ол қазақ хандығының 550-жылдығына арналған ісшарада қазақ хандары мен билері және пономаралық картинасын жасауда белсене жұмыс атқарды. «Орбулақ шайқасы», «Қыз ұзату дәстүрі», «Қазақ даласындағы аң аулау көрінісі», «Алтын адамның көкпар тамашалау сәті» атты картиналар мен 50-60 кескіндемелік шығармашылық жұмыстардың авторы, «Бейнелеу өнері» кафедрасының аға оқытушысы Мұрат Шаханбайдай ұстазымыз — біздің мақтанышымыз.

Адам, құндылықтар өзгермей әлем өзгермейтінін басымыздан өтіп жатқан жайлар түсіндірді деп ойлаймын. Адал еңбек пен адамгершілік қалыпты культ деңгейіне көтермей, көп нәрседен ұтыларымызды ұғындық. Аз ғана шығармашылық портретін жасаған Мұраттай жандардың еңбегін елеу, бағалаудың, өзгелерге үлгі етудің моральдік жөні белек.

Сіздерге де ой салар деген ниетпен осындай азаматтың арамдыда жүргенінен біз де бақыт тапқандаймыз.

Әдемау ТОЛЫСБАЕВА

«Мерзімді баспасөз бетіндегі терминдердің бүгінгі қолданысы» атты онлайн-семинар өтті

Түркология ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен «Мерзімді баспасөз бетіндегі терминдердің бүгінгі қолданысы» атты онлайн-семинар өтті.

Бүгінгі жаңа заман, жаңа ғасыр ғылымның алдына жаңа міндеттер қойған шақта тіл де жаңа заманға лайық дамуды қажет етеді. Осы мәселеге байланысты семинарда ғалым, ф.ғ.к. Н.Мансұров баяндама жасап, бүгінгі басылым беттеріндегі терминдердің қолданысындағы ерекшеліктерге тоқталып өтті. Ұлтымыздың жанашыры А.Байтұрсынов айтып кеткен «Газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, жұрттың білімді, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтады» дейтін ойлары күні бүгінге дейін құнын жоймағанын мысал етті. Сонымен қатар, Н.Мансұров баспасөз тілінде қолданылған сөздер мен сөз тіркестерін бүгінгі еліктегіш жұрт үлгі етіп алуға ұмтылатынын, сондықтан баспасөз тілі – тіл тазалығын сақтау үшін маңызды

құралдың бірі болуы тиіс екенін атап өтті.

XXI ғасыр басындағы ғаламдық ғылымның жетістіктері арқылы тілдің де жаңаша қалыптасуы орын алатыны белгілі. Бұл ретте жаһандану үдерісінің жаңа жетістіктері ретінде техникалық терминдердің қолданысы сөз етілді. Мұнда БАҚ бетінде терминдердің жиі белең ала бастауын автор өзекті мәселе ретінде көтерді. Сондай-ақ еліміз тәуелсіздік алғалы бері айналымға ене бастаған діни сипаттағы терминдердің де баспа бетінен жиі көріне бастауы тақырыпты кеңейте түсті. Жақсылыққа құр сөз арқылы шақырып, ынтықтыру мүмкін емес, адамның табиғаты сол — кез келген нәрседе үлгіні қажет ететіні сияқты баяндамашы әр саладағы басылымдар бойынша нақты мысалдар келтірді. Бір семинар бар мәселені шешпейтінін алайда тіл мәселесіне әлі де тереңдей түсуді ұсынды.

Танымы терең мәселелерді талқыға салған бұл семинар қатысушылардың пікірін тыңдап, бірлікте ой бөлісумен жалғасты. Ақпарат орталығының басшысы Т.Бейсенов бүгінгі баспасөз бетіндегі

терминдердің сипаты жайында ойын ортаға салса, Аударма орталығының директоры Р.Ашимов терминдер сөздіктерін дайындауда кететін кемшіліктерді атап кетті. Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры Б.Шишман кей терминдердің басылым бетінде дұрыс қолданылмауынан сөздердің мағынасы өзгеріп, мүлде басқа сипатқа ие болатынын айтты. Одан өзге кез келген саланың өз термині болатынын және оны қолданысқа ендіруде дұрыс шешім болуы жөнінде онлайн байланысқан басқа да ғалымдар өз ойларын ортаға салды.

Семинар соңында Университетіміздің ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президенті, профессор К.Беркімбаев онлайн-семинардың ауқымдылығын атап өтіп, оған белсенді қатысқан ғалымдарға ризашылығын білдірді. Сонымен қатар маңызды тақырыпты қозғаған Н.Мансұровқа Университет басшылығы атынан зор алғысын жеткізді.

Фараби-түркі-ислам өркениетінің ойшылы



Биыл елімізде Шығыстың ғұлама ойшылы, математик, астролог, музыка теоретигі Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы аталып өтуде. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Рухани жаңғыру» ғылыми-тәжірибелік орталығы мен «Ясауи» ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған «Фараби-түркі-ислам өркениетінің ойшылы» атты Республикалық онлайн-конференциясы өтті. Маңызды жиынның мақсаты — Фараби мұрасының түркілік ортақ негіздерін көпшілікке жеткізу, Фараби шығармашылығы «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының негізгі бағыттарына арқау екендігін түсіндіру, Фараби шығармашылығының өткені, бүгіні, келешегінің ғылыми негіздерін қайта саралау.

Онлайн-конференцияға университет басшылығы мен Нұр-Сұлтан, Семей, Шымкент, Екібастұз, Түркістан қалаларының Фарабидің мұрасына қатысты зерттеулер жүргізген, өзіндік қолтаңбасы бар, Фараби мұрасын жаңаша тұжырымдап жүрген ғалымдар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті профессоры, философия ғылымдарының

докторы Алтай Жақып, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультетінің деканы, философия ғылымдарының докторы, профессор, фарабитанушы Палтөре Ықтияр, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор Айнұр Құрманалиева, Философия, саясаттану және дінтану институтының директор орынбасары, философия ғылымдарының докторы, профессор, фарабитанушы Нұрмұратов Серік, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы Қабылова Айна, Философия, саясаттану және дінтану институтының профессоры, философия ғылымдарының докторы, фарабитанушы Сейдахметова Наталья Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, фарабитанушы Самал Төлеубаева қатысты. Республикалық онлайн-конференцияны профессор Досай Кенжетай жүргізді.

Университетіміздің I вице-президенті Женгиз Томар Әл-Фарабидің саясат тақырыбына қатысты шығармалары мен көзқарастарына жан-жақты тоқталып, IX ғасырда жазылған саясат кітабының тек сол кезеңде ғана емес, қазіргі XXI ғасырда да мемлекеттердің саяси жүйесінде жол көрсететін шығарма екендігін атап өтті.

Жиын Yassawi TV Youtube каналында 3 сағат тікелей эфирде өтті. Конференцияда Фараби тұлғасы арқылы түркі-ислам өркениетінің және қазақ халқының тарихы мен заманауи мәдениетінің, құбылыстары мен өмір сүру қалпының бірегейлігіне жаңа синтетикалық көзқарас қалыптастыру бағыттары, шығармаларын аудару мәселелері, жаңа зерттеулерге бағытталған мәселелер мен тұжырымдар талқыланды.

Ақпарат орталығы

Жас ақынымыз — мүшәйра жеңімпазы!

Өскемен қаласында өткен Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойы аясында және қазіргі қоғамдық ахуалда халық рухын көтеру мақсатында жарияланған «Өлең – сөздің патшасы» атты Республикалық онлайн мүшәйрасында оқу орнымыздың Филология факультетінің 2-курс студенті Дәурен Тілеухан жұлделі I орынды иеленіп, 700 мың теңге қаржылай сыйлықпен марапатталды.

Жас ақындардың Республикалық онлайн мүшәйрасына 18 бен 35 жас аралығындағы 130-дан астам ақын өздерінің өлеңдерін жолдаған. Қазақстанның барлық өңірлерінен қатысқан жыр бәйгесінің жеңімпазы, жас ақын Дәурен Тілеухан:

–Бұл онлайн-мүшәйра елдің бүгінгі ахуалына ақындардың айтар сөзін, халыққа демеу берер жырларын насихаттау мақсатында өтті. Ерекшелігі сол, бұрынғы үлкен әдеби байқаулар секілді емес, жағдайға байланысты бәрі онлайн түрде жүргізілді. Өзім өте қуаныштымын. Сыйлап, құрметтейтін Жанат Жаңқашұлы, Мерей Қарт, Мирас Асан ағаларым қатысты. Мен бұл жолы ағалардың алдын орап кеткен жоқпын, керісінше, сол ағалардың інілеріне деген ізетінің арқасында жастарға жақсы қолдау көрсетілді. Әділ қазылар да қазақтың маңдайалды ақындары. Жалпы, Абайдың кемеңгерлік, биік образын сомдап, оны жырмен көркемдеп өлең жазу өте ауыр. Жыр бәйгесінде өлеңдерім үлкен ақын аға-апалардан оң бағасын алғанына қуанып қалдым!- деп мүшәйра жайлы өз пікірімен бөлісті.

Қазақ поэзиясының әлемінде жұлдызың жарқырай берсін, алар асуың биік болсын,





7 мамыр еліміздің қорғаныс қабілетінің кемелденгенін білдіретін мереке. 1991 жылы 25 қазанда Қазақстан Президентінің Жарлығымен Қазақ КСР-нің Мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылды. Кейін Республиканың қорғаныс мәселелерін толық түрде жеке шешуге көшуіне байланысты қорғаныс комитеті Қазақстан

7 мамыр - Отан қорғаушылар күні! 9-Мамыр Ұлы жеңістің 75-жылдығына «Отан үшін отқа түс күймейсің» Б.Момышұлы

Оқу ордамыздағы Спорт және өнер факультетінің Дене мәдениеті кафедрасына қарасты Бастапқы әскери дайындық мамандығы 2000-2001 оқу жылынан бастап білімгер жастарды дайындап, Отан қорғау ісіне өз үлестерін қосуда.

Республикасының Қорғаныс министрлігі болып қайта құрылды. 1992 жылдың 7 мамырында тәуелсіз елдің заңдық құқықтарының негіздеріне және тәуелсіз мемлекеттер достығына қатысушы мемлекеттер арасындағы қол жеткен келісімдерге байланысты ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығы шықты.

Осы Жарлық бойынша, Қазақстан аумағына орналасқан Қарулы Күштер өздерінің мүліктерімен қоса, республиканың қарауына өтті. Жоғарғы Бас Қолбасшы ретінде Қарулы Күштерді басқаруды Ел Президенті өз мойнына алды. Елбасынан басқа қорғаныс ісімен тікелей шұғылданатын алғашқы яғни Тұңғыш Қорғаныс министрі болып Армия-генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағанбетов тағайындалды.

Бұл күн Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылған күні болып құрылғандықтан «7

мамыр Отан қорғаушылар күні» деп жарияланды. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының аясында өтуі де жайдан-жай емес. Бүгінде жалпы ұлттық жобаға айналған бағдарламада тарихымыз тереңде жатқан рухы мықты халық екеніміз еске алынып, ел болашағы жастарды ұлттық патриотизмге лайықты тәрбиелеудің айшықты жолдары анық көрсетілгендей Оқу ордамыздағы Спорт және өнер факультетінің Дене мәдениеті кафедрасына қарасты Бастапқы әскери дайындық мамандығы 2000-2001 оқу жылынан бастап білімгер жастарды дайындап Отан қорғау ісіне өз үлестерін қосуда.

Бітіруші түлектеріміз Айбынды Еліміздің қорғаныс саласында өздерінің Отан алдындағы міндеттерін мінсіз атқаруда екенін айта кеткен жөн болар дегендей.



Айдарбек Сәбит ҚРҚК-нің подполковнигі қазіргі таңда Алматы қаласындағы Радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік институтының курсанттар батальоны командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметінде



Абдурахманов Бағдат Есенгелдіұлы ҚРҚК-нің майоры Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "42062 әскери бөлім" республикалық мемлекеттік мекемесінің бөлім командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметін атқаруда.



Оқу ордамыздағы аталған мамандық білімгерлері облыстық деңгейде өтілетін әр түрлі мерекелік іс-шарларға өз үлесін қосуда.

Мамандық білім алушыларына оқу, оқу-жаттығу сабақтарын білікті ОПҚ тәжірибелі офицерлер дәріс беруде.

Бастапқы әскери дайындық мамандығымыз 2014 жылы ЖОО арасында ұлттық рейтинг бойынша бірінші орынға ие болған.

Қалдарбекова Салтанат Талғатқызы Түркістан облысы Кентау қаласы Төтенше жағдай комитеті 12 өрт сөндіру бөлімінің диспетчері азаматтық қорғау кіші сержанты

Таншаева Айнұр Түркістан қаласы қорғаныс істері жөніндегі Басқармасы қызметкері, сонымен қатар еліміздің түпкір-түпкірінде қорғаныс министрлігіне қарасты облыстық, қалалық, аудандық қорғаныс істері жөніндегі департаменттерінде, ішкі істері саласында ЖОО, Арнайы орта және орта мектептерде болашақ Отан қорғаушыларды дайындауда.

Қазіргі таңда білімгер жастарымыз сабақтан тыс уақыттарда Оқу ордамыздағы «Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері» бөлімінің Шаңырақ студенттік клубтар координациялық басқармасына қарасты, «Сұңқар» әскери патриоттық клубы және «Мерген» ату клубтарында сонымен бірге арнайы спорттық үйірмелерде жаттығу жұмыстарын жалғастыруда.

Сол сияқты Облыстық «Жас сарбаз» әскери патриоттық қозғалысы клубымен де бірлескен түрде жұмыс жасаудамыз

Оқу жылының соңында білім алушылардың теориялық білімдерін практикада қолданып дағдылану мақсатында оқу дала жиыны ұйымдастырылады университетіміздің арнайы лагерінде оқу-жаттығу тәжірибе жұмыстары өтіледі



Сөзімді қортындылай келе, барша қазақ елін сонымен қатар университет ұжымын!

7-мамыр Отан қорғаушылар және Ұлы жеңістің 75-жылдығы мекреkesімен құттықтаймын! Біздің отандастарымыз үшін бұл мереке батырлық пен табандылық, отансүйгіштік пен Отанға шексіз қызмет етудің нышаны.

Келешек ұрпағымызға дейін Отан қорғаушылардың қаһарман ерліктерін ұмытылмайды. Қай дәуірде болмасын, Отан қорғау әр Қазақстан азаматының қасиетті борышы болып келеді.

Еліміздің айбынды әскерлері қатарында қызмет өткіріп жүрген барлық азаматтарды, Ұлы Отан соғысы ардагерлерін, жауынгер – интернационалистерді, кез келген уақытта Отан қорғауға даяр азаматтарымызды осы мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге тілейтініміз дендеріңізге саулық, бастарыңызға бақыт, отбасыларыңызға құт-береке, еңбектеріңізге табыс, елімізге бейбітшілік пен болашаққа деген сенімділік!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Б.АХМЕТОВ

Аға оқытушы, аға лейтенант

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті

Редактор м.а.: Эльмира АРТЫҚБАЕВА

Ақпарат орталығы:

Бейсен Тельман
telabdi@mail.ru

Тілшілер:

Эльмира АРТЫҚБАЕВА
elmira_artykbaeva@mail.ru

Дизайнер:

Мұрат ШАХАНБАЕВ

Фото маманы: Нақып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru